Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью

ҚР, Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі № 83
БИН: 010340000160
E-mail: amanta-group@mail.ru
Тел: +7 (7252) 57-38-59
Сот: +7 702-586-08-06

Шығыс: № 8
12 маусым 2018ж.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік
Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаменті» республикалық ММ
басшысы Б. Көшербайға
«Amanta Group» директоры С.С.Дильдабековтен

Сізден, ұйымдастырушы "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2018 жылдың 11 маусымы күні шығарылған электронды конкурс №2549432-ОК2 қорытындысының 8 лоты бойынша өз арызымызды түсіріп отырмыз. Өкінішке орай, жеңімпаз деп танылған "Ансар Металл" ЖШС тарапынан салынған құжаттарда көптеген барын анықтадық.

Атап айтқанда жұмысшы болып тіркелген Кутышов Жексенбай Отебаевичтың жеке басын куәләндіратын құжатының мерзімі 2017 жылы 3 сәуірде аяқталып кеткен. Алайда, құжаттың шалалығынан 5 Қосымшаға барлық қызметкерлердің жеке куәлігінің нақты мәліметтері осы себеппен жазылмағанға ұқсайды. Тағы бір қызметкер Тажиматов Аброр-дың атындағы жеке куәлігінде регистрациялық сандар мүлде түсініксіз болып қалған. Бұл ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңыда көрсетілгендей конкурстық құжаттарда Еңбек ресурстарын нақтылайтын 5 Қосымшада көрсетілгендей, талап етілген құжаттардың мерзіміне көңіл бөлу керектігін ұмытқан сияқты. Былтырғы жылдан бастан 1 жыл 3 ай уақыт ішінде Кутышов Жексенбай Отебаевич өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың жоқтығы, ұйымдастырушы тарапынан кеткен үлкен қателік және де конкурстық құжаттаманың 16 тармағын және Тажиматов Аброр-дың атындағы жеке куәлігіндегі қателік 18 тармақтың бұзылуына әкеліп соғып отыр. Бұл 9-бап. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік және 11 -бап. Әлеуетті өнім берушінің анық емес ақпарат беруінің салдары талаптарының бұзылып отырғандығын көреміз.

Тағы бір жайт «Әзірет – Жол Құрылыс» ЖШС мен "Ансар Металл" ЖШС арасында жасалған келісім-шартта «Әзірет – Жол Құрылыс» ЖШС қойылған мөрі анық емес, көрінбейді деп те айтса болады. Бұл да конкурстық құжаттамада

көрсетілгендей 18 тармақтың яғни «Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс.» деген тармақты бұзып отыр.

"Ансар Металл" ЖШС 5 Қосымшаға сәйкес жасалған жұмыс өтілінде көрсетілгендей субподрядтық жұмыс алып істегендіген анық жазған, алайда Мемлекеттік сатып алу Заңының 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасынан келіп шығатыны, әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Заңның 27-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші осы баптың 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін, егер:

1) ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

Бұл дегеніміз субподрядтық қызмет істегенде бас мердігер кәсіпорынмен бірге жасаған жұмыстарының құжаттарын толығымен салуы керек еді.

Осы талаптарға сәйкес "Ансар Металл" ЖШС мемлекеттік сатып алу Заңын өрескел бұзып отыр деуге негіз бар және де ««Amanta Group» ЖШС істелген жұмыс өтілдерін жоққа шығарып, жұмыс тәжірбиесі жоқ деп көрсеткен. Өз тарапынан ««Amanta Group» ЖШС өзінің жұмыс өтілін растайтын барлық құжаттарды ұсынған. II дәрежелі лицензиясы бар кәсіпорынның жұмыс өтілі жоқ санау, өрескел қателікке алып келеді деп есептейміз.

Осыған байланысты Сіздерден, Мемлекеттік сатып алу бойынша №2549432-ОК2 қорытындысы қайта қарап шешім шығаруларыңызды өтінеміз.

Қосымшаға:

1. Кутышов Жексенбай Отебаевич жеке куәлігі
2. Тажиметов Аброр жеке куәлігі
3. «Әзірет – Жол Құрылыс» ЖШС мен "Ансар Металл" ЖШС арасында жасалған келісім-шарт
4. Мемлекеттік тапсырыс электроды журналына «Өнім беруші құжаттардың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, өзінің қолда бар еңбек ресурстары туралы мәліметтерді көрсетуі тиіс пе?» деген мақала

Ізгі ниетпен
«AMANTA GROUP» ЖШС
Директоры **Дильдабеков С.С.**